

1-жаттығу. Мәтіннің стильдік ерекшелігіне талдау жасаңдар. Ғылыми стильге тән сөз бедерін көрсетіңдер.

«Қобыланды» мемориалдық кешені Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы Жиренқопа ауылында ұлтымыздың бас батыры, түгел түркі әлемі тәу еткен тұлға – Қарақыпшақ Қобыланды батырға арнап мемориалдық кешен тұрғызылған. Төбесінен қарағанда кешен қалқанның үстіне қойылған батырдың дулығасына және жанында жатқан садаққа ұқсайды. Кесененің биіктігі – 18 метр, диаметрі – 12 метр. Кесенеге бастайтын соқпақ жолдың екі жағында «күзетші» балбал тастар сап түзеп тұр. Қобыланды батыр туралы әр кезеңде жырлаған жыраулардың саны 12 екен. Осы соқпақ жолдың екі шетіндегі бағаналарда сол ақын-жыраулар жазып қалдырған эпос-жырлардың түпнұсқалары қойылған. Кесененің есігі мен оның үстіндегі терезе ге қою көк сырмен Құран аяттары жазылған. Күмбездің дәл ортасында батырдың сүйегі жатқан жерге мәрмәр қызыл тастан белгі қойылыпты. Бейіттің екі қабырғасына қалқан мен балтаның суреті салынған. Бір шетіне шырақ орнатылған. Шырақты сегіз барыс қоршап тұр. Мұнда келіп зиярат етушілердің көзіне бірден түсетін дүние – бір-біріне байланған үш найза. Ортасында – батырдың қолға ұстайтын қалқаны. Ұшы күміс, ұзындығы 4 метр бұл найзалар үш жүздің бірлігін білдіреді. Найзамен қалқанды Қобыланды батырдың Қызыл ордада тұратын ұрпақтары әкеп сыйға берген екен. Кесененің сыртында Қобыланды батырмен Құртқаның және Тайбурылдың мыстан жасалған мүсіндері қойылған. Кешеннің екінші бөлігі батырдың садағы бейнелі Даңқ залынан және әкімшілік-шаруашылық бөлмелерінен тұрады. Кешенде Қобыланды батырдың қайрақтасы, сүйегі қайта жерленгенде орнатылған тас белгілер орналасқан. «Қобыланды батыр» кешенінің» авторы – белгілі сәулетші Бек Ибраев. Музей қорында барлығы 257 экспонат бар. (Б.Жамбабаев)